

Sanofi Серіктестерімен бірлесіп әйелдердің медициналық қызметке қолжетімділігін арттыру бойынша «Бастамалар байқауын» жариялайды

- * Санофи компаниясы және оның серіктестері әйелдердің медициналық қызметке қолжетімділігін арттыру бойынша техникалық шешімдер әзірлейтін стартаптардың арасында байқау жариялайды.
- * Әйелдерге қауіпсіз және сапалы қызмет көрсетудегі қиыншылықтарды жоюға бағытталған және байқаудың талаптарына жауап беретін заманауи стартаптар 15 ақпанға дейін байқауға қатысуға шақырылады.

АЛМАТЫ – 2019 жылғы 25 қаңтар - Санофи және Серіктестері кәсіпкерлердің денсаулық сақтаудағы жоғары технологиялар саласында әзірлеген және алғаш рет енгізген, әйелдердің медициналық қызметке қолжетімділігін жеңілдететін денсаулық сақтау саласындағы перспективті және инновациялық технологияларды мойындау және марапаттау мақсатымен байқау жариялады. Жеңімпаз сәуір айында анықталып, қаржылай көмекке ие болады, сонымен қатар оған өзінің бизнесін дамытуда жетекшілік жасалады. Екінші орынды иеленген қатысушыларға да ақшалай сыйақы беріліп, олар туралы бұқаралық ақпарат құралдарында айтылады және жетекшілік жасалады. [15 ақпанға дейін стартаптарды тіркеуге осы сілтеме](#) бойынша өтінім беруге болады.

Бұл бастама 2018 жылдың күзінде Парижде (Франция) өткен Ғаламдық әйелдер форумы жиналысынан кейін туындады. Бұл жиналыста «Экономика және қоғам мәселеріне бойынша әйелдер форумы» Санофи және АХА біріге отырып, «Әйелдер және денсаулық сақтау жүйесіне қолжетімділік» Батыл бастамалар тобы» ұйымы құрылатыны туралы жариялады. Санофи және АХА басқарған осы серіктестер тобы BNP Paribas және Google, сонымен бірге RB және Gavi компанияларымен, Вакциналар және иммундау бойынша Ғаламдық Альянспен біріге отырып, әйелдердің медициналық қызметке қолжетімділігін жақсартуға және кеңейте түсуге бағытталған.

Серіктестер денсаулық сақтау жүйесіндегі жоғары технологиялар саласында әйелдердің медициналық қызметке қолжетімділігіндегі теңсіздікті жоюда едәуір әлеуеті бар жобаларды жүргізетін кәсіпкерлерге қолдау көрсетеді. Дүниежүзі бойынша әйелдер қауіпсіз және сапалы медициналық қызмет алуда көптеген кедергілерге кезігеді: хабардар болмау немесе ақпараттың қолжетімді болмауы; медициналық көмекке шектеулі физикалық қолжетімділік; құпия және сенімді медициналық карталардың немесе сәйкестендіру деректерінің жетіспеушілігі; төлем жасауға қаражаттың немесе қол жеткізуге уақыттың болмауы, сонымен қатар психикалық денсаулықты сақтау үшін тиісінше ресурстардың қолжетімді болмауы. Осы кедергілердің әрқайсысы бойынша жаңа технологиялық шешімдер жасалады.

«Бәріміз бірге және жеке-жеке бүкіл дүние жүзінде және Қазақстанда әйелдердің медициналық қызметке қолжетімділігін жақсартатын және арттыра түсетін жоғары технологиялар саласындағы кәсіпкерлерге қолдау көрсеткіміз келеді. Осылайша, әйелдерді жігерлендіріп, олардың отбасыларының және қоғамдастықтарының гүлдене түсуіне ықпал еткіміз келеді», - дейді RX Sanofi, Орталық Азия бас директоры Ранга Веларатне.

Sanofi туралы

Sanofi басты мақсаты - адамдарға денсаулық сақтау мәселелері бойынша қолдау көрсету. Біз адамның денсаулығы мәселелеріне бағытталған ғаламдық биофармацевтикалық компаниямыз. Біз вакциналардың көмегімен аурулардың алдын аламыз, ауруды басып, оның азабын жеңілдету үшін инновациялық емделу әдістерін ұсынамыз. Біз сирек және созылмалы ауруларға шалдыққан жандарға қолдау көрсетеміз.

100 астам елде жұмыс істейтін 100 000 астам қызметкері бар Sanofi компаниясы ғылыми жаңалықтарды денсаулық сақтау саласында тиімді шешімдер табуға қолданады.

Sanofi, Empowering Life

Экономика және қоғамдық мәселелер бойынша Әйелдер форумы туралы

Экономика және қоғамдық мәселелер бойынша Әйелдер форумы 2005 жылдан бері гендерлік мәселелерді бүкіл дүние жүзіндегі адамдарға қатысы бар әлеуметтік және экономикалық проблемалармен жанастыруға бағытталған ғаламдық платформа болып табылады. Әйелдерді азаптайтын және маңыздылығы бойынша бірінші орында тұрған мәселелердің басын ашуға ықпалымызды тигізу үшін біз «Батыл қоғамның» көмегімен бизнес, қоғамдық ұйымдар, БМҰ және бұқаралық ақпарат құралдары арасындағы серіктестіктік арқылы жаңа, инновациялық шешімдерді іздеу жұмысында тиісті деңгейде және уақытылы қолдау көрсетуге талпынамыз.

«Батыл қоғам» және оның жетекші серіктестері: «Әйелдер және ЖИ» (Microsoft), «Әйелдер және денсаулық сақтау жүйесіне қолжетімділік» (AXA, Sanofi), «Әйелдер және климат» (BNP Paribas & L'Oréal), «Әйелдер және STEM (нақты ғылымдар)» (Google), «Әйелдер және жеткізушілердің алуан түрлілігі» (P&G).

БАҚ байланысуға арналған контактілер

Надежда Лабодовская

+7 701 788 45 32

Nadezhda.Labodovskaya@sanofi.com